

## "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2022 жылға арналған жоспары бойынша қорытындыны бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 916 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 480 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.07.2022 № 480 қаулысымен.**

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2022 жылға арналған жоспары бойынша қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2021 жылғы 30 желтоқсанға дейін қорытындыны дипломатиялық арналар арқылы Ресей тарапына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

*A. Мамин*

*Қазақстан Республикасы*

*Үкіметінің*

*2021 жылғы 22 желтоқсандағы*

*№ 916 қаулысымен*

*бекітілген*

## **"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2022 жылға арналған жоспары бойынша қорытынды**

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарапы ұсынған (Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № 26132/Здснг нотасы) 2016 - 2025 жылдарға арналған Ресейдің Федералдық ғарыштық бағдарламасы, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары мен

коммерциялық жобалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2022 жылға арналған жоспарын келіседі.

Бұл ретте пайдаланылуы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы халықаралық шарттармен реттелмеген Қостанай және Ақтөбе облыстарының аумағында "Союз-2" тасымалдағыш зымырандарының бөлінетін бөлшектерінің жаңа құлау аудандарын пайдалануды көздейтін ғарыш аппараттарын ұшыру тиісті халықаралық шартгарға қол қойылып, олар қүшіне енгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК